

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде көрсетілетін әлеуметтік көмектің шекті мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 153 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 қаңтарда № 3759 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 ақпандағы № 321 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 18.02.2016 № 321 шешімімен (қабылдаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 мамырдағы қаулысымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде көрсетілетін әлеуметтік көмектің шекті мөлшері бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың

сессия төрағасы

Н.Иманdosов

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

Д.Молдашев

Хромтау аудандық
мәслихатының 2013 жылғы
20 желтоқсандағы № 153
шешімімен бекітілген

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде көрсетілетін әлеуметтік көмектің шекті мөлшері

1. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде көрсетілетін әлеуметтік көмектер:

1) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне - 150,0 мың теңге көлемінде;

- 2) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға - 100,0 мың теңге көлемінде;
- 3) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға - 80,0 мың теңге көлемінде;
- 4) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына - 80,0 мың теңге көлемінде;
- 5) зейнеткерлік жасқа жеткен тұлғаларға - 60,0 мың теңге көлемінде;
- 6) мүгедектерге және 18 жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған тұлғаларға - 60,0 мың теңге көлемінде;
- 7) саяси құғын-сүргін құрбандарына, саяси құғын-сүргіндерден зардал шеккен тұлғаларға -50,0 мың теңге көлемінде;
- 8) көп балалы отбасыларға, көп балалы аналарға - 60,0 мың теңге көлемінде;
- 9) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға, балалар үйінің тұлектеріне - 60,0 мың теңге көлемінде;
- 10) аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға)- 60,0 мың теңге көлемінде;
- 11) онкологиялық аурулары бар, КТВ инфекциясын жүқтывандарға және туберкулездің әртүрлі түрлерімен ауыратын азаматтарға - 80,0 мың теңге көлемінде.

2. Аталған тұлғаларға әлеуметтік көмек көрсетіледі, егер олар толық мемлекеттік қамсыздандыруында болмаған жағдайда.

3. Өмірлік қызын жағдайда жүрген азаматтарға (Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін қоспағанда) әлеуметтік көмек көрсетіледі, егер отбасының (азаматтың) өткен тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы (көмек алу үшін өтініш берген кезеңге) 1-еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспаған жағдайда.

Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне әлеуметтік көмек олардың табысын есепке алмай көрсетіледі.